



*ШҚО білім басқармасы*  
*Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің*  
*«Күршім ауылының балабақшасы»*  
*коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны*  
**ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**  
**БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН**  
**ЕСКЕРТУЛЕР**

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК Мемлекеттік аттестациядан өтуіне байланысты өзін-өзі бағалау жүргізіп, атқарған жұмыстарды зерделеп шықты.

2026 жылдың «27» ақпанындағы №26/1-ж бұйрығының негізінде құрылған жұмыс тобы сапалы жұмыс жүргізді.

*Нәтижесінде:*

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» 98% педагогикалық кадрлармен жасақталған. Жетіспеушілік логопед, музыка жетекшісі маманы бойынша анықталып отыр.

Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі 100% құрайды. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарын жүйелі түрде арттыруда. Педагогтердің 100% - ы біліктілікті арттыру курстарында оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

2. Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына сай жағдайлар толық жасалған. Заттық дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келеді, жыл мезгілдеріне байланысты өзгереді, үнемі байытылады, қажеттілікке байланысты толықтырылып отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері, қол жетімділігі, қауіпсіздік балалардың жасына сәйкестігі, қанықтылығы, мүдделер бойынша аймақтарға бөлу ескерілген. Заттық дамытуша орта «Step by step» технологиясы негізінде белсенділік орталыққа бөлінген.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Педагог- психолог, дефектолог және қажеттілікке қарай педагог-ассистент ЕБҚЕ балаларды жеке даму бағдарламалары негізінде психологиялық-

педагогикалық сүйемелдеу жан-жақты жүргізеді. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделген.

4. Әдістемелік кешендермен 6 топ қамтамасыз етілген 80-90% құрайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша перспективалық жоспарлар мен циклограммалары жазылып, бекітілген.

5. Мектепке дейінгі балалар «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады.

Балалар жыл көлемінде жас ерекшелікке байланысты ашылған бос бюллетендер Balabaqsha SmartNation - мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал арқылы (мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы қол жетімді тізілімі және мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесі) қабылданады. Бүгінгі күні портал бойынша бала санының артуы жоқ. Бос орындар таза жариялануда.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қорытынды мониторинг нәтижелері, 2025-2026 оқу жылы мониторингісінің аралық нәтижесі бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» мазмұнында анықталған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтардың қол жеткізу деңгейі, орта және жоғары деңгейдегі балалар саны құрайды.

### **ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР:**

1. Педагогтердің сапалық көрсеткішін көрсету мақсатында әдістемелік қолдау мен өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын күшейту.
2. Әдістемелік және дидактикалық кешендер жаңа бағдарламаға, заттық дамытушы ортаның ойыншықтар мен ойынға арналған материалдары үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес жаңарту.
3. «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда ұлттық, отбасылық шараларды МДҰ әлеуметтік желілерінде жарнамалау.